

# ЛЕНИН ТУЫ

ККП СОЛТҮСТІК ҚАЗАҚСТАН ОБЛЫСТЫҚ КОМИТЕТІНІҢ, ЕҢБЕКШІЛЕР ДЕПУТАТТАРЫНЫҢ ОБЛЫСТЫҚ СОВЕТІНІҢ ЖӘНЕ ККП ПЕТРОПАВЛ ҚАЛАЛЫҚ КОМИТЕТІНІҢ ГАЗЕТІ

№ 60 (9122) | 1953 жылғы 21 март Сенбі | Шығуына 34 жыл жеке саны 20 тыйым.

## Үгіт-бұқаралық жұмысын өрістете берейік

Ұлан-байтақ еліміздегі сыяқты еңбекшілер депутаттарының жергілікті Советтерінің сайлауы біздің облыста да халықтың орасан зор саяси белсенділігі, өндірістік өрлеуі, Коммунистік партияның, Совет Үкметінің төңірегіне бұрынғыдан да тығыз топтасуымен қатар ұлы көсеміміз И. В. Сталин жолдасқа деген шексіз сүйіспеншілігі жағдайында өтті. Бүгін облыстық Советтің сайлауы жөнінде барлық сайлаушылардың 99,99 процентінің дауыс беруге қатысып, оның 99,72 процентінің коммунистер мен партияла жоқтар блогінің кандидаттарына дауыс беруі және аудандық, поселкелік, селолық, ауылдық Советтердің сайлауы жөнінде барлық сайлаушылардың 99,99 процентінің дауыс беруге қатысып, оның 99,73 процентінің дауыс беруі толық дәлел болады.

Жергілікті Советтердің өткен сайлаулары сыяқты осы сайлауының да бұл тамарда қорытындысы, сөз жоқ, ең алдымен партия, совет, кәсіподақ, комсомол және басқа да қоғам ұйымдарының қалың бұқара арасында кеңінен өрістете жүргізілген саяси-ұйымдастыру, үгіт-бұқаралық жұмыстарының нәтижесі. Сайлау аяқталған облыста 9 мыңға жуық үгітшілер жұмыс істеді. Олар еңбекшілер бұқарасына өздерінің жалынды үгіті арқылы Ленин—Сталин партиясының әділ ісін, ақиқат сөзін, зор қамқорлығын, Отанымыздың жеңістерін, совет халқының күнбе-күнгі табыстарын нақтылы мысалдар келтіріп шеберлікпен жеткізе білді.

Озат үгітшілер сайлау аяғында үгіт жүргізудің тамаша үлгілерін көрсетті. Олар үгіт-бұқаралық жұмыстың барлық түрлері мен әдістерін дұрыс пайдалана отырып, өздерінің үгітін өндірістік міндеттермен байланыстыра жүргізді. Еңбекшілерге партияның XIX съезінің қарарларын, ұлы көсеміміз И. В. Сталин жолдасның «ССРО-да социализмнің экономикалық проблемалары» деген данышпаандық еңбегін және көсемнің партияның XIX съезінде сөйлеген тарихи сөзін түсіндіруде көп жұмыс істеді. Сонымен қатар олар еңбекшілер бұқарасына лениндік-сталиндік үгіт

консерві комбинатында, қаладағы «Бірінші май» кәсіпшілік артелінде, Совет ауданындағы «Көктерек», Петропавл ауданындағы «Луч Ленина» колхоздарында социалистік жарыс пен стахановтық қозғалыс қыза түсеуде. Бұл кәсіпорындары мен колхоздар да еңбектің өнімділігі санымен бірге сапа жағынан да артып келеді. Өндірістік тапсырмаларын 1,5—2 есеге дейін орындай келе жатқан цех, бригада көптеп саналады. Петропавл депосының машинистері Ясыр, Демидов, Шандыбин жолдастар басқарған паровоз колонналары тапсырмаларын екі есеге орындап жүр. Көзір бұлар поездары 1955 жылдың есебіне жүргізуде. Микоян атындағы ет-консерві комбинатында Ыбраев жолдас басқарып жүрген цех тапсырмаларын күн сайын асыра орындап келеді. Миллионер «Луч Ленина» колхозы көктемгі егіске дайындықты негізінен аяқтады. Мұнда мал шаруашылығы өркендеуде. «Көктерек» колхозында мал қыстату үлгісі өткізіліп келеді. Бұл колхоз көктемгі егіске барлық жағынан әзір отыр.

Бірақ, істің жайы барлық жерде бірдей емес. Кейбір жерде үгіт-бұқаралық жұмыс мүлдем бәсеңдеп кеткен. Мұндай жағдай Октябрь, Ленин аудандарынан кездесіп отыр. Жамбыл атындағы колхозда (Октябрь ауданы) үгітшілер тобы сайлау өткеннен кейін өзінің жұмысын мүлдем тоқтатқан. Көзір бұл колхоздың егіс бригадаларына да, фермаларына да үгітшілер бармайды. Бастауын партия ұйымының секретары Сәйдуов жолдас үгіт-бұқаралық жұмысты жақсартуды ойламай оған бәсеңшілік етпей отыр. Аманкелді атындағы және «Бірлік» колхоздарында да (Ленин ауданы) үгіт жұмысының жайы осы сыяқты. Бұл колхоздарда үгіт-бұқаралық жұмыстың маңызына жете мән бермеушілік фактілері бар. Ал, колхоздардағы осы төзгісіз жағдайды Октябрь, Ленин аудандық партия комитеттері білмейді деп айта алмаймыз. Амал не, бұл аудандық партия комитеттері үгіт-бұқаралық жұмыста орын алған кемшіліктерді жою ісімен шұғылданбай келеді, оған нақтылы

## Егіске әзірлік тез және сапалы аяқталсын

### Көктемгі егіске үлгілі әзірлікпен кірісеміз

Белімше коллективі үстіміздегі жылы егісін барлық көлемінен мол және тұрақты өнім алуды көздеп отыр. Бұл үшін егісшілер егін өнімін арттырудың қысқы агротехникалық шараларын ойдағыдай жүзеге асырып келеді.

Быйғы егін көлемі өткен жылмен салыстырғанда 995 гектар ұлғайтылады. Партияның XIX съезі, ССРО-ны өркендетудің бесінші бесжылдық жоспары жөніндегі директиваларында дәнді дақылдардың шығымылығын арттыру міндетін алға қойды. Көктемгі егісті агротехникалық қолайлы мерзімде өткізіп, дәнді дақылдарды мол өнім алудың негізін қалаймыз.

Дәнді дақылдар тұқымның 83 процентін даяр жерге егіміз. Бұл сөз жоқ, егіс жұмыстарын қысқа мерзімде аяқтауға қолайлы жағдай туғызады. Егіске қажетті тұқым қорын жеткілікті құйып, шығымдылық сапаға жеткізіледі.

Егін өнімін арттырудың қысқы агротехникалық шараларын ойдағыдай жүзеге асырамыз. 3 мың гектар егістік алаңға қар тоқтатылды. Көзір көктемгі қар суын бөгеуге әзірлік жұмыстары жүзеге асырылуда. Осы сыяқты, минералды және жергілікті тыңайтқыштар мол дайындалды.

Көктемгі егістің агротехникалық қолайлы мерзімде өткізілуі тракторлар мен ауыл шаруашылық машиналарының үздіксіз өнімді жұмыс істеуіне байланысты. Осыны жете ескеріп, күзгі қысқы жөндеу жұмысына тынғылықты әзірлігімен кірістік. Жұмыстың бұл үлесіне қолда бар күш-жүмкіншілікті түгел жұмылдырдық. Соның нәтижесінде белімшеде тракторлар мен ауылшаруашылық машиналарын жөндеу жөніндегі график ойдағыдай орындалып келеді. 12 трактордың 9 жөнделіп, егіске әзір етілді. Қалған 3 трактор таяудағы күндердің ішінде түгел жөндеуден өтеді. Осымен қабат 20 шұғ, 30 саялақ, 8 культиватор, 203 тырма, 4 ауылшаруашылық жөндеуі, дала жұмыстарына әзір етілді.

Маленков жолдас басқарған Совет Үкметі елімізде коммунизм орнатудың барлық істеріне Ленин мен Сталиннің үйреткеніндей басшылық етеді, халықтарымыздың мүдделері үшін жан-тәнімен қызмет етеді.

Л. П. БЕРИЯ.

### Әрбір МТС-те жанар, жағар майы мол тасылып алынсын

Машина-трактор паркінің үздіксіз және өнімді жұмыс істеуі едәуір дәрежеде жанар, жағар майының жеткілікті болуына байланысты. Сондықтан әрбір МТС-те жанар, жағар майын дала жұмыстары басталғанға дейін мол тасып алу қажет.

Бірсыпыра МТС-тердің директорлары жанар, жағар майын күнібұрын мол тасып құйып алуға жете мән бермейді. Бұл жұмысты көктемгі егіс басталған кезде ғана қолға ала салады. Әдетте егіс жұмыстары жердің лас, жолдың бұзылған кезінде басталады. Бұл мерзімде жанар, жағар майын алатын станцияларға, пункттерге қатынау өте қиынға түседі. Жанар, жағар майын күнілгері тасып алмаған МТС-тер қиын жағдайға қалып жүр. Оларда көктемгі егістің қызу күндерінде жанар, жағар майы болмай, көптеген тракторлар жұмысқа қосылмай тұрады. Ал, жанар, жағар майын жол қатынасының қиындығынан тасып үлгері алмайды.

Өткен жылы мұндай жағдайға станциялардан алыс тұрасын Октябрь, Преснов, Ленин аудандарының МТС-тері душар болды. Өйткені, бұл аудандардың көптеген МТС-тері жанар, жағар майын күнілгері тасып құйып алмады. Бұл жұмысқа көктемгі егіс қарсаңында ғана кірісті. Ал, дала жұмыстары басталғанға оларда ондаған тракторлар іске қосылмай босқа тұрды. Маселен, жанар, жағар майының жеткіліктілігінен машина-трактор паркі Ворошилов атындағы МТС-те 791 трактор тәулік, Преснов МТС-інде 508 трактор тәулік, Пушкин атындағы МТС-те 278 трактор тәулік, Горангуз МТС-інде 219 трактор тәулік жұмысқа қосылмады.

Аталған МТС-тердің басшылары бұдан тиісті қорытынды шығарып, алаңдағы дала жұмыстарына қажетті жанар, жағар майын күнібұрын мол тасып алуы қажет еді. Бірақ, істің жайы бұған керісінше

қалы атындағы МТС-те де жағдай дәл осы сыяқты. Мұнда қолдағы ыдысқа құйылған жанар, жағар майы мүлде аз. Сартомар МТС-інде ыдыстың 61, Баян МТС-інде 68 процентіне ғана жанар, жағар майы тасылып құйылған. Бұл екі МТС-те жағар майын тасу ісі нашар ұйымдастырылған.

Аталған МТС-тердің басшылары егіс жұмыстары басталғанға дейін жанар, жағар майын жеткілікті тасып алуға мүлде көңіл бөлмей отыр. Бұл жұмысқа өздерінің қолда бар күш-жүмкіншілігін толық пайдаланбай келеді.

Нявич атындағы МТС-те жағдай бұдан да нашар. МТС басшылары (директоры Букатин жолдас) жанар, жағар майын тасып алуды тіпті естен шығарып алған. Мұнда жанар, жағар майын құятын бактер әзір етілмеген. МТС өзіне қажетті бактерді қаладан және Мамлют станциясынан күні осы уақытқа дейін жеткізіп алмай отыр.

Жанар, жағар майын тасу ісі бүкіл облыс бойынша ойсыраған оқшылықта. Жоғарыдағыдай бірсыпыра МТС-тердің бұл жұмысқа шындап кіріспеуі салдарынан жанар, жағар майын тасу ісі баяу жүргізіліп келеді. Осы жылғы 10 мартқа дейін облыс бойынша ыдыстар сыйымының 80 процентіне ғана жанар, жағар майы құйылды. Ал, жағар майының төрттен бірі де тасылып алынған жоқ.

Енді көп ұзамай көктем шығып, жол қатынасы қиындай түседі. Сондықтан жанар, жағар майын тасу жұмысының қарқынды шұғыл арттыру қажет. Сөйтіп, дала жұмыстары басталғанға дейін қолда бар ыдыстарға жанар, жағар майын тасып құйып алуға әрбір МТС күш-жүмкіншілікті жеткілікті бөлуге тиіс. Жанар, жағар майын осы күннен мол тасып алу егін мерзімде машина-трактор паркінің бір келді өнімді жұмыс істеуіне, дала жұмыстарының қысқа мерзімде ойдағыдай

### И. В. Сталинді еске түсіру

ШАНХАЙ, 19 март. (СОТА). Вьетнам информация агенттігінің хабарына қарағанда, 15 мартта Вьетнам Демократиялық Республикасының үшінші ішкі аймағында еңбекшілердің сүйікті көсемі И. В. Сталинді еске түсіруге арналған салтанатты-қаралы жыйналыс өткізілген. Жыйналыста 10 мыңдай адам, халық пен армияның өкілдері болған.

Жыйналыста председателдік еткен — Вьетнамның Лао, Донг партиясының үшінші ішкі аймақтағы ұйымының секретары және бұл аймақтағы қарсылық қыймыл көрсетуші әкімшілік комитетінің председатели Ле Тхан Нги И. В. Сталиннің адамзат прогресіндегі ұлы еңбектерін айтқан. Сол сыяқты, ол Совет Одағының фашизмді жеңуі Вьетнамдағы халық революциясының жеңуіне қолайлы жағдай туғызғанын және Вьетнамға дос Совет Одағы вьетнам халқының ардақты ісіне әр дайым көмектесіп келгенін еске салған.

Сөзінің қорытындысында Ле Тхан Нги былай деген: «Генералиссимус қайтыс болды, бірақ оның даңқты ісі Вьетнам халқының және бүкіл адамзаттың жүрегіне мәңгі сақталады» Сүйікті көсем И. В. Сталинге алыс белгісі ретінде жыйналыстағылардың бәрі Совет Одағының Коммунистік партиясымен және халқымен туыстық достықты нығайта беруге ант еткен.

### Польша еңбекшілері И. В. Сталиннің өмірі мен қызметі туралы материалдарды оқып үйренуде

ВАРШАВА, 19 март. (СОТА). Польша Халық Республикасының еңбекшілері халықтардың ұлы көсемі және ұстазы Иосиф Виссарионович Сталинді орасан зор құрметпен еске түсіруде.

Қаралы күндер кезінде Краковтағы телефон-телеграф аппаратурасы заводында Польшаның Біріккен жұмысшы партиясы бастауыш ұйымының бастамасы бойынша ұлы көсемнің өмір баянын үйрену жөнін



саясатының жеңісін, советтік құрылыстың капиталистік құрылыстан түбірлі артықшылық принциптерін, бесінші бесжылдықта өнеркәсіп және ауыл шаруашылығы бойынша алда тұрған міндеттерді жете түсіндірі. Мұның барлығы еңбекшілердің белсенділігін күшейтіп, олардың сайлау күніне өндірістік жаңа табыстармен келуін, сайлау күнін жоғары дәрежеде өткізуін қамтамасыз етті.

Бұл күндері үгітшілер барлық жеңістеріміз бен табыстарымыздың дембелушісі, ұйымдастырушысы, бүкіл дүние жүзіндегі прогресшіл адамзаттың қамқоршысы, бейбітшілік туын көтеруге, ұлы көсеміміз Н. В. Сталин жолдастың қайтыс болуына байланысты ауыр қайғыға дұшар болған облыс еңбекшілеріне данышпан ұстазымыз Н. В. Сталин жолдастың өсиеттеріне байланысты әңгімелер өткізуде. Сонымен қатар ұлы көсемді жерлеуге арналған қаралы митингте сөйлеген ССРО Министрлер Советінің Председатели және Совет Одағы Коммунистік партиясы Орталық Комитетінің Секретары Г. М. Маленков жолдастың, ССРО Министрлер Советі Председателинің бірінші орынбасарлары Л. П. Берия және В. М. Молотов жолдастардың сөздерін түсіндіру ісімен шұғалданып отыр.

Үгіт-бұқаралық жұмыс кең өріс алған Петропавл темір жол бөлімшесінде, Киров атындағы эвволта, Микоян атындағы ет-

басшылық жасамай отыр. Үгіт-бұқаралық жұмысын бәсеңдетуге, оны елеушілік сыяқты теріс пікірлерге жол берілмеуі керек. Қайта үгіт-бұқаралық жұмысының өрісін бұрынғыдан да кең, мазмұнын терең етіп жүргізу арқылы оның әсерлі болуын қамтамасыз ету қажет.

Үгіт-бұқаралық жұмыстың бұдан былайғы жерде де шегізгі арқауы еңбекшілерге партияның XIX съезінің материалдарын, Н. В. Сталин жолдастың «ССРО-да социализмнің экономикалық проблемалары» атты еңбегін және көсемнің съездің қорытынды мәжілісінде сөйлеген тарихи сөзін, сонымен қатар, Сталин жолдасты жерлеуге арналған қаралы митингте сөйлеген Г. М. Маленков, Л. П. Берия, В. М. Молотов жолдастардың сөздерін, жаңа бесжылдықтың міндеттерін, ССРО Жоғарғы Советі сессиясының материалдарын түсіндіру болуға тиіс. Аудандық партия комитеттері үгітшілер тобының жұмысына үздіксіз басшылық жасап отырулары, үгітшілер тобы жетекшілерінің семинар жөндестерін өткізіп, оларға нұсқау беріп тұрулары қажет.

Үгіт-бұқаралық жұмыстың сайлау алаңындағы табыстарын баянды ете отырып, оны жаңа міндеттерге сай оған сайын өрістетуге беру—бүгін таңдағы басты міндет. Сондықтан бұл жұмысқа партия басшылығын жақсарту беру қажет.

## Украина еңбекшілерінің сөзі

КИЕВ, 17 март. (СОТА). Украинаның кәсіпорындары мен мекемелерінде, колхоздары мен совхоздарында, МТС-терінде мыңдаған үгітшілер ССРО Жоғарғы Советінің IV сессиясы қабылдаған тарихи документтермен жұмысшыларды, колхозшыларды және қызметкерлерді таныстыруда. Республика еңбекшілері еліміздің мемлекет билігінің жоғарғы органының қарарларын қызу мақұлдауда. Біздің елімізде коммунизм орнату ісіне лайықты үлес қосуға өздерінің даяр екендіктерін мәлімдеуде.

Шевтің «Большевик» заводы цехтарының бірінде болған әңгімеде токарь Некрутенко былай деді:

—Біздің халқымыз өзінің күшіне толық сенеді. Ұлы Сталиннің ісі сенімді адамдардың қолында. Көсеміміздің адал шәкірттері және серіктері сталиндік ішкі және сыртқы саясатты көрегендікпен батыл жүзеге асыруды қамтамасыз етеді. Біз партиямыздың Орталық Комитетінің

және Совет үкметінің төңірегіне бұрынғыдан да тығыз топтаса түсеміз.

Бұл күндерде жоғарғы өндіргіш станок-автоматтар жасайтын Горький атындағы заводтың жұмысшылары стахановтық қажырдылықпен еңбек етуде.

ССРО Жоғарғы Советінің IV сессиясының қарарлары туралы әңгіме өткізген кезде Черкасск ауданының Хрущев атындағы колхозының бригадирі Выченко жолдас былай деді:

—Ұлы Сталиннің тірі кезінде біздің партиямыз бен үкметіміз көп уақыт ойластырып келген шаралардың жүзеге асырылуын біз шын жүректен мақұлдаймыз. Кәзір сол шараларға заң күші берілген. Олар толығынан халықтың мүдделеріне сәйкес келеді.

—ССРО Жоғарғы Советі қабылдаған заңдар мен қаулыларды біз қызу қолдаймыз, —деді колхозшы әйел Гапоненко. Ленин мен Сталиннің ісі сенімді азамдардың қолында екенін біз білеміз.

## Қажырлы еңбек

Алматыдағы электротехника зауытының коллективі коммунизмнің ұлы құрылыстарының заказдарын мерзімінен бұрын орындау үшін қажырлы еңбек етуде. Кеше зауыттың әрбір екінші жұмысшысы бір жарым нормадан, әрбір үшінші жұмысшысы —2 нормадан және сменалық нормаларын асыра орындады.

Завод Сталинград су торабының құрылысына диспетчерлік селектор байланысы аппаратурасының 50 комплектін жіберді. Кәзір осы ұлы құрылыстан тағы 6 комплекті аппаратура жасауға заказ алынды.

(ҚазТАГ).

Жөндеу жұмысында механизаторлар еңбек үлгісін көрсетіп жүр. Тракторлармен ауылшаруашылық машиналарын жөндеуде Г. Вольф жолдас үздік табыстарға жетті. Ол бір сменада ұдайы екі норма орындайты. Осы сыяқты, М. Омаров, В. Шефер жолдастар да күндік норманы үнемі артығымен орындап жүр.

Егіннің барлық көлемінен мол және тұрақты өнім алу жолындағы социалистік жарысты кеңінен өрістеті отырып, дала жұмыстарына әзірлікті таяудағы күндердің ішінде толық аяқтаймыз. Сөйтін, көктемгі егіске үлгілі әзірлікпен кірісіп, оны агротехникалық қолайлы мерзімде аяқтап шығамыз.

Г. КАРЧИГА,

Совет совхозы, № 1 бөлімшенің меңгерушісі.

# Совет адамдары ССРО Жоғарғы Советінің қарарларын бірауыздан қолдауда

## Өндірістік өрлеу

ССР Одағы Жоғарғы Советінің IV сессиясының қарарлары Петропавл МТС-і механизаторларының арасында да өндірістік өрлеу тугызды. Олар жоғарғы мемлекеттік өкмет органының бұл қарарларына тракторлар мен тіркеу саймандарын жөндеуде еңбек өнімділігін еселеп арттырумен жауап беруде.

Масперской үгітшісі Миронов жолдастың механизаторлармен өткізген соңғы бір әңгімесінде коммунист Кулибабов жолдас былай деген-ді:

—Совет халқы СОБП Орталық Комитеті мен Совет Үкметіне шексіз сенеді. Өйткені, ол партиямыз бен үкметіміздің саясаты халық мүдделерін көздейтіндігін жақсы біледі.

Мен тракторлар мен тіркеу саймандарын жөндеуде күнделік жұмыс тапсырмамды 150 процент орындауға міндеттеме аламын.

Кулибабов жолдас социалистік міндеттемесін ойдағыдай орындап жүр. Оның күнделік жұмыс тапсырмасының орындалуы 150—170 процент. Слесарь Суокас жолдас бір сменада 2 адамның жұмысын істеп, Отанға шексіз берілгендігін қажырлы еңбегімен көрсетуде. Ол өзара социалистік жарыста алған міндеттемесін үнемі артығымен орындап келе жатқан жұмысшы. Тракторшы Пьянков жолдас ССРО Жоғарғы Советінің IV сессиясы ашылу күнін өзіне бекітіліп берілген тракторды сапалы жөндеуден өткізумен қарсы алды. Кәзір ол басқа жөндеушілерге көмектесуде. Тракторшы С. Бодерь, токарь И. Фризин және тағы басқалар да күн сайын өндірістік тапсырмаларын біржарым еседен орындап келеді.

Т. ЕСЕНОВ.

бұрып отыр. Ате басшылары жанар, жанар майын тасу ісін былай да кенже қалдырып келеді. Мәселен, Торанғұл МТС-інде қолдағы ыдыстың жұмысына ғана жанар майы құйылған. Бұл МТС жанар майын тасу ісін әлі қолға да алған жоқ. Пұш-

## Егіске әзірлік

Ленин атындағы ауылшаруашылық артели (Совет ауданы) № 3 дала бригадасының мүшелері көктемгі егіске тыңғылықты әзірлік жүргізіп жатыр.

Мұнда егіске сапалы тұқым дайындалуда. Быйыл барлық егіс көлеміне сортты тұқым себілмек.

Егістік учасқоқтерге қар тоқтату және тыңайтқыш заттар жыйнау жұмыстары ойдағыдай жүргізілуде.

аяқталуына қосымша зор мүмкіндіктер туғызады.

Г. НЕСПРЯДЬКО,

Облыстық ауылшаруашылық басқарманың бас инженері.

Бригадада ауылшаруашылық құрал-саймандары тыңғылықты жөндеуден өтуде. Жұмыстың бұл учасқоғіне тәжірибелі колхозшылар бөлінген. Олар күнбе-күн өнімді еңбек етіп, сменалық тапсырмаларын артығымен орындап жүр. Соның арқасында бригадада 6 плуг, 7 сеялка, 9 тырма жөнделіп, алдағы дала жұмыстарына әзір етілді.

Е. АУШАҚЫМОВ.

де үйірме ұйымдастырылды. Үйірменің сабағына көптеген партияда жоқ жұмысшылар да қатынасуда.

Кәзір мұндай үйірмелер сода зауытында, арматур зауытында және Краков воеводствосының басқа да көптеген кәсіпорындарында ұйымдастырылды.

Жешув воеводствосының еңбекшілері де И. В. Сталиннің өмір баянын орасан зор құштарлықпен оқып үйренуде. Мұнда соңғы уақытта ұлы көсемнің өмірбаянын үйренетін 300 ден астам үйірме ұйымдастырылды. Бұл сыяқты, көптеген үйірмелер селалық жерлерде де жұмыс істеуде.

Кюри-Скловской атындағы Люблин университетінде студенттердің күшімен халықтардың ұлы көсемі И. В. Сталиннің өмірі мен қызметіне арналған үлкен көрме ұйымдастырылған.

## Коммунизмнің жеңісі үшін

Жас комбайншы —комсомолец Тасмурзин ССРО Жоғарғы Советінің IV-сессиясының қабылдаған заңдары мен қаулыларын радио арқылы зор қуанышпен тыңдап, бұл тарихи документтерге өзінің стахановтық еңбегімен жауап беруде.

—ССРО Жоғарғы Советінің IV-сессиясының документтері, —дейді ол, —Коммунистік партия мен Совет Үкметінің данышпандық саясатын бейнелейді. Бұл күндері совет адамдарының өздерінің қажырлы еңбектерімен ардақты Отанымын күші-қуатын оған әрі нығайтуға өң күрметті борышын болып санағанды. Мен бүкіл совет халқы сыяқты Отан алдындағы борышымды аброймен өтеу үшін стахановтық вахтаға тұрдым.

Тасмурзин жолдас соңғы күндерде тракторлар мен ауылшаруашылық машиналарын жөндеуде күндік тапсырмаларын 180—200 процент орындап жүр. Оның стахановтық еңбегі елімізде коммунизмнің жеңісі жолына арналған.

Ворошилов атындағы МТС-те еңбек өнімділігін еселеп арттырып, жұмыстың сапасын жақсартуға түскен жалғыз Тасмурзин емес. ССРО Одағы Жоғарғы Советінің IV сессиясының қарарларымен жігерлене отырып, өндірістік табысқа ие болғандар мұнда ойда сапалады. Олар тракторлар мен тіркеу саймандарын жөндеуде қажырлы еңбек ете отырып, өздерінің Отанға шексіз берілгендіктерін көрсетуде.

Қ. МЕЙРАМОВ,

Октябрь ауданы, Ворошилов атындағы МТС.



# Лениннің—Сталиннің туы астында біз социализм орнатамыз

К. ГОТВАЛЬД

Совет Одағының Коммунистік партиясының XIX съезіне қатысқан біздің делегациямыз Сталин жолдастың өзімен әңгімелескен кезде Сталиннің өлі сөргек және қуатты екенін көріп, біздің беріміз де шексіз қуанған едік. Делегация қайтып келгеннен кейін біз осыны елге айтқанымызда, бізбен бірге бүкіл чехословакия халқы қуанған еді. Міне сондықтан да біздің қымбатты, шексіз сүйікті жолдасымыз Сталинді ақырғы сапарға шығарып салғалы отырған кезде бұл ауыр қайғыны біздің беріміз де ерекше сезіп отырмыз.

Сталин жолдастың қайтыс болуы Совет Одағының халықтары үшін ғана емес, сонымен қатар халықтық демократия елдерінің халықтары үшін, сол сияқты капиталистік елдердегі барлық еңбекшілер үшін орны толмайтын қаза болып табылады. Бірақ, Лениннің ісі сыяқты, Сталиннің ісі де мәңгі жасайды.

Пролетариаттың қанаушылар үстемдігін жеңуінің қажетті алғышарты ретінде Ленинмен бірге большевиктер партиясын, Совет Одағының даңқты Коммунистік партиясын өсіріп, шынықтырған Сталин болатын.

Бүкіл дүниежүзілік-тарихи Ұлы Октябрь социалистік революциясын Ленинмен бірге басқарған Сталин болатын. Бұл революция тарихта тұңғыш рет капитализм мен империализмнің дүниежүзілік системасын бұзып өтіп, дүние жүзінің алтыдан бір бөлегіндегі еңбекшілерді капиталистік бұғаудан азат етті.

Азамат соғысы мен империалистік интервенцияның ауыр кезеңінде контрреволюцияшыл және интервенциялық армияларды талқандауды Ленинмен бірге ұйымдастырған, сөйтіп еңбекшілердің Октябрьдегі жеңісін баянды еткен Сталин болатын.

Ленин қайтыс болғаннан кейін партия мен мемлекетті басқару ісін өз қолына беріп алып, троцкийшіл-бухариншіл опасыздарды күйрете талқандаған, сөйтіп Совет Одағында социализм құрылысын қамтамасыз еткен Сталин болатын.

Совет елінің ұлы индустриаландырудың, сая миллиондаған шаруаларды коллективтендіру жолына жаппай түсірудің инициативасын жасаған Сталин болатын. Ол экономикалық жағынан артта қалған аграрлы елді кәзіргі заманғы өнеркәсібі мен ірі ауыл шаруашылығы бар қуатты индустриалды мемлекетке, социалистік державаға айналдырды.

Ұлы Отан соғысы кезінде гитлершіл зұлым агрессорларға қарсы қорғаныс ұйымдастырып, оларды күйрете талқандауды әзірлеген Сталин болатын. Сталиннің басшылығымен Совет Армиясы адамзатты фашистік құлдықтан құтқарып, Еуропа мен Азияның көп халықтарын азат етті.

Біздер үшін ең ауыр кезеңде, Мюнхен күндерінде, біздің республиканы барлығы да шексіз қалдырып, елдің үстем табы оған опасыздық жасап, оны Гитлерге сатқан кезде, Сталин біздің республикамен адал қол ұстасып, берік бірге тұрды. Сталин гитлершіл агрессорларға қарсы күресу үшін Чехословакияға соғыс көмегін езі ұсынған болатын. Чехословакия буржуазиясы бұл көмектен арысздықпен бастартты, ол гитлерлік оккупацияны артық көріп, біздің халқымызды орасан ауыр құлдыққа ұшыратты.

Бірақ, чехословак буржуазиясы — ол чехословак халқы емес екенін Сталин білген болатын. Дүниежүзілік екінші соғыстың барысында, Совет Одағы қантөгіс ауыр ұрыстар жүргізіп жатқан кезде, Сталин былай деп мәлімдеді: Совет Армиясының мақсаты оккупанттарды Совет Одағынан ауып шығу ғана емес, сонымен бірге басқа халықтарды, оның ішінде Чехословакияның халықтарын да гитлерлік бұғаудан азат ету болып табылады. Совет Армиясы Сталиннің тікелей бұйрығын орындай отырып, Чехословакияны азат етуді естен кетпейтін 1945 жылғы 9 май күні аяқтаған болатын.

Совет Армиясы Чехословакияны азат еткеннен кейін Сталин біздің республикаға үнемі ежелік қамқорлық жасап келді. 1947—48 жылдары көп жерде астықтың шықпай қалуы нәтижесінде бізге аштық қаупі төнген кезде, Сталин Совет Одағы бізге 300 мың тонна астық жеткізсін деп өзі бұйрық берді. Капиталистік елдердің дүшпандық саясаты салдарынан бізде әртүрлі қиыншылықтар туған кезде, Сталин бізге орасан көп совет азық-түліктерін, шикізатын және арнаулы машиналарын беріп, зор көмек көрсетті. Сталин өзінің берген кеңестерімен біздің халық шаруашылығын жаңа, социалистік негізде қайта құруымызға көмектесті, бізге аса жетік совет мамандарын жіберіп тұрды, бізде бұрын шығарылмаған жаңа машиналар мен станоктарды шығаруымызға мүмкіндік тудыру үшін совет тәжірибесін біздің қарамағымызға кеңпейілдікпен беріп келді. Қысқасын айтқанда, Сталиннің көмектескен қамқорлығын біз әрбір басқан қадымымыздан сезіп, біліп отырдық.

Міне, сондықтан біздің халқымыз, Чехословакияның халқы, біздер үшін ең қымбат адамның, ұстаз әкеміздің арамиздан

гүрлым нығайту қажеттігін түсінуге тиіс. Қуатты Совет Одағымен берік одақ болмағанына, социализм орнату, біздің ұлттық бостандығымыз бен мемлекеттік тәуелсіздігімізді қамтамасыз ету, бейбітшілікті сақтау — осының бәрі мүмкін емес. Біздің халқымыз мұны жақсы түсінеді, сондықтан ол кәзіргі ортақ қайғы күндерінде Совет Одағымен, оның халқымен, оның партиясымен, Ленин—Сталин партиясымен бірге, бір тілекте екенін білдіруде.

Барлық түрдегі жаулар жөнінде қырағылықты арттыру қажет. Шетелдердегі реакцияшыл жыртықшытар дем беріп отырған ел ішіндегі реакцияшыл жыртықшытар біздің арамизда жасырынып отыр. Олар дәл кәзір халықтың қайғысы мен қаіретіне қуанатын қолайлы кезең туды деп ойлайды. Партия мен үкметтің төңірегіне топтаасқан және туысқан Совет Одағымен бір тілекте біздің халқымыз реакцияшыл тышпаларға тиісті жауап береді: оларды жерге жапыштап, олардың үстінен аттап өтіп, өзінің ұлы мақсаттарына қарай ілгері алға басады.

Біз өзіміздің игілікті міндеттерімізді орындауды бір минут та ұмытпауға тиістіміз. Мұның керісінше, бесжылдықтың ақырғы жылының жоспарын өнеркәсіпте, ауыл шаруашылығында, транспортта, ішкі және сыртқы саудада орындау бұрынғыдан да жақсы қамтамасыз етілуге тиіс. Сталин бізге мынаны үйретті: егер біз өнімді негүрлым жақсы және арзан шығаратын болсақ, егер біз кәзіргі замандағы техниканы бұрынғыдан да жақсы пайдалануды үйрететін болсақ, тек сонда ғана социализмнің негізгі экономикалық заңын орындап отыратын боламыз, яғни еңбекшілердің материалдық және мәдени әл-ауқатын жақсартып отыратын боламыз. Сталинді еске түсіре отырып, біз осы сталиндік қорытындыны есте ұстап қана қоймай, сонымен бірге оны біздің экономикалық, саяси және мәдени тұрмысымыздың барлық учас-токтерінде жүзеге асыра береміз.

Бұл күндерде біз соғысқа итермелеудің жаңа әрекеттерінің және әртүрлі арандату әрекеттерінің күәсі болып отырмыз. Біз бұл әрекеттердің біздің назарымызды игілікті еңбектен басқа жаққа аударуына жол бермейміз, біз Сталиннің өсиетінің маңызды бір бөлігі — халықтардың жаңа соғысқа қарсы және бейбітшілік сақтау жолындағы күрес ісін өз қолдарына алуы болып табылатынын ұмытпаймыз. Егер халықтар, Сталиннің айтқанындай, бейбітшілікті сақтау ісін өз қолдарына алатын болса, бейбітшілік сақталады. Бұл біздер үшін — соғыс өртінен қандырушыларды және олардың агенттерін күн сайын өшкере-леп отыру деген сөз. Халықтың осы жыртықшы сұмырайларға сенбеу үшін, олардың

# Клемент Готвальдті жерлеу

ПРАГА, 19 март. (СОТА). Бүгін чехословак халқы Коммунистік партияның председатели және республиканың Президенті Клемент Готвальдті ақырғы сапарға шығарып салды.

Жұмысшылар, шаруалар, қызметшілер, студенттер, барлық жастағы және мамандықтағы адамдар өз ұстазы мен көсемінің қымбатты жүзіне ақырғы рет қарап, жүрегінде сақтау үшін Прага Граданың Испан залына ағылып келуде. Уақыт сағат 10-ға жақын қады. Залға кірудің ақырғы минуттары. Клемент Готвальдтің серіктері — Антонин Запотоцкий, Вилем Широкий, Яромир Доланский, Алексей Ченичка, Карел Вацлек, Вацлав Копецкий, Антонин Новодный құрметті қарауы-ға тұрды.

Уақыт сағат 13-ке таянды. Испан залына премьер-министр Антонин Запотоцкий бастаған үкмет мүшелері, Чехословакияның Коммунистік партиясы Орталық Комитетінің секретарьлары, республиканың Президенті Клемент Готвальдті жерлеуге қатысу үшін шетелдерден Чехословакияға келген үкмет делегациялары мен коммунистік және жұмысшы партияларының делегациялары келіп кірді. Залда мұнда бұрын Ұлттық жыйналыстың депутаттары, астана еңбекшілерінің өкілдері, республиканың Президенті Клемент Готвальдті жерлеуге қатысуға өз үкметтері атынан ресми уәкілдік алған капиталистік елдердің дипломатиялық миссияларының өкілдері жыйналған.

Залда сонымен қатар мархұмның туысқандары мен жақындары да болды.

Әрбір үш минут сайын табыттың қасында құрметті қарауыл ауысуда.

Сағат 13. Чехословакияда 5 минут бойы барлық жүріс тынып, жұмыс тоқ-тап қады. Заводтардың, фабрикалардың, паровоздардың гудоктары естілді.

Испан залында Клемент Готвальдтің табыты алдында премьер-министрдің орынбасары Вилем Широкий, Чехословакия Коммунистік партиясының Орталық Комитеті мен үкмет атынан қаралы сөз сөй-леді.

13 сағат 25 минут. Клемент Готвальдтің серіктері Антонин Запотоцкий, Вилем Широкий, Яромир Доланский, Алексей Ченичка, Карел Вацлек, Вацлав Копецкий, Антонин Новодный және үкмет делегацияларының мүшелері: ССРО Министрлер Советі Председателинің Бірінші Орынбасары Маршал Н. А. Булганин, Кытай Халық Республикасының мемлекеттік әкімшілік Советінің премьері және Сыртқы істер министрі Чжоу Энь-лай, Польшаның Министрлер Советінің Председатели Болослав Берут және Монгол Халық Республикасының премьер-министрі Цеденбал табытты ұқытшап көтеріп, оны Испан залынан алып шықты. Клемент Готвальд-

тің денесі салынған табыт артиллерия лафетіне қойылғаннан кейін қаралы процессия халық мін тірескен көшелер арқылы Летнен алаңына қарай жүрді. Летнен алаңында әскери бөлімдер, халықтық милицияның бөлімдері Чехословакияның Қарулы Күштерінің жоғарғы бас командашысы, республиканың Президенті Клемент Готвальдқа ақырғы рет құрмет көрсету үшін сап түзеп тұр. Президенттің денесі салынған табыт трибунаның қасына кейіліп, оның жанынан әскерлер өтті.

Бұдан кейін қаралы процессия Вацлав алаңына қарай жүрді. Көшелерге жүздеген мың адамдар жыйналып, сүйікті президентімен қоштасуда.

Вацлав алаңы. Қаралы процессия ұлт азаттығының ескерткіші-музейіне қарай өтті. Осы жерде Клемент Готвальдтің денесі салынған табыт лафеттен алынып, биікте тұтырға қойылды.

Премьер-министрдің орынбасары Антонин Новодный қаралы митингті ашты.

Премьер-министр Антонин Запотоцкий қаралы сөз сөйледі, бұл сөз чехословак халқының Клемент Готвальдтің өсиеттерінен айнымайтындығына берген анты болды.

Совет үкметі делегациясының басшысы, ССРО Министрлер Советі Председателинің Бірінші Орынбасары Маршал Н. А. Булганин сөз сөйледі.

Артиллерия салютінің гүрсілері естілді. Қаралы митинг аяқталды. Машиналарға мінген әскерлер туларын төмен іліп, табыттың қасынан өтіп, өздерінің жоғарғы бас командашысы, республиканың Президенті Клемент Готвальдқа ақырғы құрмет көрсетті.

Клемент Готвальдтің денесі салынған табыт тағы да артиллерия лафетіне қойылып, қаралы процессия Витков тауындағы ұлт азаттығының ескерткіші-музейіне қарай жүрді. Мұнда Клемент Готвальдтің денесі салынған саркофаг мавзолейге қойылады.

19 сағат 20 минут. Әскери эскорттің генералдары Клемент Готвальдтің денесі салынған табыты артиллерия лафетінен көтеріп алып, үкмет мүшелерімен және шетелдік үкмет делегацияларымен бірге табытты ұлт азаттығының ескерткіші-музейіне акедді.

19 сағат 38 минут. Клемент Готвальдтің денесі салынған табыт Мавзолейге қойылды. «Интернационалдың» күйі, артиллерия салютының гүрсілері естілді.

Чехословак халқы орны толмайтын қазаға қатты қайғыруда. Ол өзінің даңқты ұлы және Чехословакияның көсемі Клемент Готвальдтің есімін ешуақытта да ұмытпайды, ол Клемент Готвальд жоғары ұстап, алға бастаған тудың төңірегіне тығыз топтасуда.

ИОСИФ ВИССАРИОНОВИЧ СТАЛИН ДІ ЕСКЕ ТҮСІРУГЕ АРНАЛҒАН СОВЕТ ОДАҒЫМЕН МӘДЕНИЕТ БАЙЛАНЫСЫН ЖАСАЙТЫН ИРАН ҚОҒАМЫНЫҢ ЖЫЙНАЛЫСЫ

ТЕГЕРАН, 19 март. (СОТА). Совет Одағымен мәдениет байланысын жасайтын Иран Қоғамы 18 мартта Иосиф Виссарионович Сталинді еске түсіруге арналған жыйналыс өткізді. Жыйналысқа 500 ден артық адам қатысты. Қатынасқандардың арасында Иран үкметінің мүшелері, бұрынғы министрлер мен сенаторлар, меджлистің депутаттары, 18 мартта Москвадан қайтып келген еңбек министрі Алемі бастаған Иранның үкмет делегациясы, Ирандағы совет елшісі Садчиков, халықтық демократия елдерінің дипломатиялық миссияларының басшылары, көптеген Иран жұртшылығының өкілдері, газеттердің редакторлары және басқалары болды.

Жыйналысты Қоғам басқармасының мүшесі, бұрынғы министр және сенатор Амир Алям ашты. Оның ұсынысы бойынша жыйналыс ұлы Сталинді орындарынан тұрып және бір минут үндемей еске түсірді.

И. В. Сталиннің өмірі және оның қызметі туралы, дүние жүзі халықтарына оның қалдырған ұлы мұрасы туралы Тегеран университетінің профессоры доктор Агели баяндама жасады.

Совет Одағымен мәдениет байланысын жасайтын Қоғам басқармасының мүшесі Керим Кешаварз Қоғам мен жыйналысқа қатынасып отырғандардың атынан ауыр қаза жөнінде Совет Одағының үкметі мен халықтарына тағы бір рет өте қайғырып көңіл айтатындығын білдірді.

БРАЗИЛИЯ ЕҢБЕКШІЛЕРІ И. В. СТАЛИНДІ ЕСКЕ ТҮСІРУДЕ

МОНТЕВИДЕО, 18 март. (СОТА). Бразилияның «Импренса популар» газеті Рио-де-Жанейро қаласындағы тас өңдеу жөніндегі «Прогрессо» мастерскойларының жұмысшылары және басқа көптеген кәсіпорындарының жұмысшылары 9 мартта И. В. Сталинді жерлеген кезде 5 минут жұмысты тоқтатып, ұлы көсемді құрметпен еске түсіргендігін хабарлайды.

Рио-де-Жанейро трамвай паркінің, Нитерой қаласының нан пісіретін кәсіпорындарының, Рио-де-Жанейродағы «Педро Эрне және Рамос» ассоциациясы және басқа кәсіпорындар мен мекемелердің еңбекшілері қаралы митинг өткізген.

«Импренса популар» газеті бүкіл дүние жүзі еңбекшілерінің көсемі және досы И. В. Сталиннің қайтыс болуымен байланысты өздерінің қайғырып, көңіл айтқан ұйымдар мен жеке адамдардың редакцияға түскен хаттары мен телеграммаларын жариялауда.

Бұл хаттарда қарапайым жұмысшылар, оқушылар, студенттер ұлы Сталиннің ідіміне өздерінің адал екендіктерін білдіріп, бейбітшілік, бостандық және ұлт тәуелсіздігі үшін күресетіндіктері жөнінде Бразилия



сөйтіп олардың мырзаларсыз, қанаушыларсыз, жаңа еркін тұрмыс орнатуына мүмкіндік береді.

Сталин жолдастың басшылығымен Совет Одағы бұрын болып көрмеген қысқа мерзімде соғыстың ауыр жарақаттарын жазып, экономикалық және саяси жағынан бұрынғы қай кездегіден болса да анағұрлым қуатты елге айналды, сөйтіп коммунизм құрылысын өрістетті.

Социализмнің 800 миллион құрылысшыларының қуатты лагерін басқарған Сталин болатын. Сталиннің есімі барлық ізгі ниетті адамдардың, бейбітшілік және бақытты тұрмыс жолында күресіп жатқан барлық адамдардың туына айналды.

«ССРО-да социализмнің экономикалық проблемалары» деген өзінің данышандық еңбегінде коммунизмге өтудің орасан зор перспективаларын белгілеп, осы өтудің шарттарын айқындап берген Сталин болатын.

Сталиннің ісінің бүкіл дүниежүзілік-тарихи маңызы бар, олай болатын себебі — бұл іс бүкіл дүние жүзіндегі сан миллиондаған бұқараға сүйенеді, олай болатын себебі — бұл іс бүкіл адамзаттың бақытты болашағын бейнелейді. Міне сондықтан Сталиннің ісі мәңгі жасайды.

Сталиннің ісі, Сталиннің есімі біздің халықтарымыздың тарихына да, Чехословакия халықтарының тарихына да мәңгі жазылады. Бізде осылай болатындығының айрықша себептері де бар.

Сталин дүниежүзілік бірінші соғыстың алдында ақ Чехословакия халықтарының габсбургтер монархиясынан қол үзуге дейін барып өзі-өзі билеу правосын жақтап сөйлеген тұңғыш саяси қайраткер болды. Бұл сөздер чех буржуазиясы Венада ажырасуды тіпті ойламаған кездің өзінде айтылған болатын.

Чехословак мемлекетінің тууы Ұлы Октябрь социалистік революциясымен тығыз байланысты, бұл революция халықтардың өз тағдырын өзі шешу ұранын көтерген.

Чехословак Республикасы үкімет делегациясының И. В. Сталинді жерлеуге қатысу үшін Москваға жүру сапары алдында, 7 мартта Прагада радио арқылы сөйлеген сөзінен.

кеткеніне ерекше қатты қайғырды. Бірақ, Сталин жолдас бізді әрқашан еңсемізді түсірмеуге, қандай жағдайда болса да абыржып-саспауға үйреткен болатын. Сондықтан Сталиннің өсиеттерін орындай отырып, біз Лениннің — Сталиннің туын бұрынғыдан да жоғары көтереміз, сөйтіп, бізге Сталин көрсетіп берген жолмен, елімізде социализм орнату жолымен, бейбітшілікті сақтау және баянды ету үшін күрес жолымен батыл алға басамыз.

Бұл үшін біздің туысқан Чехословакия Коммунистік партиясының қатарын бұрынғыдан да тығыз топтастыру қажет, оның Орталық Комитетінің төңірегіне бұрынғыдан да берік топтасып, оның бірлігі мен мызғымас беріктігін бұрынғыдан да батыл сақтау қажет, оның қала мен деревня еңбекшілерінің қалың топтарымен байланысын бұрынғыдан да гөрі қажырлылықпен сақтап, нығайтып отыру қажет. Сталин бізді былай деп үйретті: барлық істің төтігі — партияда; барлық кедергілер мен бақытсыздықты жеңу партияның бірлігі мен бір мақсаттылығына байланысты. Ендеше Сталиннің осы өсиеттерін дәл бүгін, Совет Одағы халқының орындап отырғанындай, орындайтын болайық.

Мұнымен қатар Ұлттық майдан үкметінің төңірегіне бұрынғыдан да тығыз топтасу қажет. Біздің партиямыз бен біздің халықтық-демократиялық үкметіміздің бірден-бір мақсаты — ол қала мен деревня еңбекшілерінің пайдасы мен игілігі. Егер олар халықтан нәғұрлым көп көмек алатын болса, бізде, қызмет орнына, қарамастан, әрбір аламға міндетті партиялық, еңбек және мемлекеттік тәртіп нәғұрлым дәйектілікпен сақталатын болса, партия мен үкмет өздерінің бұл міндетін солғұрлым ойдағыдай орындайды. Сталин бізге мемлекеттің мызғымас беріктігінің социализм құрылысы тұсында орасан зор маңызы бар деп үйреткен болатын. Сталин бізге үкмет пен халықтың бірлігі социальды маңызды екенін үйреткен болатын. Міне бұл жағынан алғанда Совет үкметі мен совет халқы бізге өнеге болуға тиіс.

Бұл күндерде Чехословакияның әрбір еңбекшісі Совет Одағымен — біздің азат етушімізбен одағымызды бұрынғыдан ана-

меу үшін не керектің бәрін істеу қажет. Бейбітшілік жолындағы күрес біздер үшін сонымен қатар біздің игілікті міндеттерімізді адал және дәл орындау, елдің қорғанымын қаблетіне, біздің қарулы күштеріміздің жауынгерлік, саяси және моральдық рухының жоғары болуына барлық жағынан қамқорлық жасау деген сөз.

Сталин жолдас ұлы Лениннің ең жақын серігі және оның ісін данышандықпен алға апарушы болды. Ленинмен бірге Сталин коммунистердің қуатты және шыныққан партиясын өсіріп жетілдірді, бұл партия Совет Одағының халықтарын жеңістен жеңіске бастап келді және бастап отыр, бұл партия бүкіл дүние жүзінің коммунистік және жұмысшы партиялары үшін үлгі болып, тәжірибенің сарқылмас қайнар бұлағына айналды. Ленин мен Сталин құрған және тәрбиелеген Совет Одағының Коммунистік партиясы совет адамдарының басшы күші, олардың коммунизм құрылысында онан әрі табыстарға жетуінің көпірі болып табылады. Одан өнеге алған, халықтық-демократиялық мемлекеттер мен капиталистік елдердің коммунистік және жұмысшы партиялары жауға соққы беру өнерін бұрынғыдан анағұрлым жақсы үйреніп, еңбекшілердің ісі жолындағы күресте жеңістерге жете береді.

Сталин жолдас халықтық-демократиялық елдерді дүниежүзілік революциялық және жұмысшы қозғалысының жаңа «Екпінді бригадалары» деп атады. Чехословакияның еңбекшілері Коммунистік партияның басшылығымен басқа халықтық-демократия елдерімен бірге Сталиннің ұлы сенімін ақтау үшін, сөйтіп совет халқының басшылығымен социализм және бейбітшілік ісінің, Ленин мен Сталин ісінің жаңа жеңістеріне қарай алға басу үшін өзінің барлық күшін жұмсайды.

Москвадағы Мавзолейдің алдында, алаңаттың асқан ұлы екі көмеңгері алдында біз чехословак халқының атынан осы көмеңгер адамдардың бізге көрсетіп берген жолымен ақырына дейін алға басамыз деп, салтанатпен уәде береміз. Лениннің — Сталиннің туы астында біз социализмге жетеміз.

«Правдран».

## Коммунистер саяси білімдерін арттыруда

Совет ауданындағы «Аралаш» колхозының партия ұйымы коммунистердің саяси-идеялық білімдерін көтеруге күнбе-күн басшылық жасауда. Партия ұйымы коммунистерді маркстік-лениндік теориялармен қаруландыруды бірінші мәселе етіп қойды. Мұнда партия тарихының қысқана курсін үйренетін жоғарғы және негізгі типті үйірмелер ұйымдастырылып, оған 32 коммунистің үздіксіз қатысуы қамтамасыз етілді. Көзіргі кезде

үйірмелерде саяси сабақ партияның XIX съезінің директивалары және көмеңгер көсеміміз Сталин жолдастың съездің қорытынды мәжілісінде сөйлеген тарихи сөзі туралы өткізіліп келеді.

Коммунистердің идеялық білімдерін арттыруға насихатшы Хасенов жолдас ойдағыдай көмектесіп жүр. Мұнда сабақ белгіленген күндерде тыңдаушылардың толық қатысуымен өткізіледі. Насихатшы сабақ-

тың идеялық жоғарғы дәрежеде өтуіне ерекше көңіл бөліп, оны жергілікті фактілермен байланыстыра отырып жүргізеді. Съезд материалдарын оқып үйренуде әсерге, үйірме тыңдаушылары М. Сейткереев, Ш. Амантаев, З. Тілеулина және К. Бекқожин жолдастар сабаққа белсенді қатысып, өткен сабақтарға конспект жасап отырады.

Д. ҚАБЫКЕЕВ.

## Мектептегі педагогикалық практика

Қазадағы Ушинский атындағы мұғалімдер институтының екінші курс студенттері 15 февральдан бастап М. И. Калинин атындағы № 5 қазақ орта мектебінде бір айлық педагогикалық практикада болды. Онда әр студент өздерінің теориялық білімдерін практикалық жұмыста пайдалануға үйренді. Студенттер V-VI-VII класстарда әр пәннен сабақ беріп, мектептің жартыжылдық жоспарларымен танысты.

Әр студентке тиісті қоғам жұмысы белгіленіп берілді. Әр пәннен арнаулы методотер тағайындалып, олар студенттердің практикалық жұмыстарына күнбе-күн басшылық етіп отырды. Класс жетекшілері оқу-тәрбие жұмысы жоспарларымен, ал, әр пәннің оқытушылары студенттерді календарлық жоспарларымен таныстырды.

Алғашқы кезде сабақ беруде студенттерде кемшіліктер жиі кездесті. Қласты ұйымдастыруда, үйге берген тапсырманы тексеруде және көрнекі құралдарды пайдалануда студенттердің әлі де кейбір қателіктерді жіберіп алатындығы байқалды. Бірақ, сабақ талқылауларында методистердің басшылығымен бұл жіберілген кемшіліктер уақытылы айтылып, орынды сыналуы студенттер тарапынан жіберілген қателіктерді іс үстінде түзеуге мүмкіндік берді.

Жакин, Мақшаев, Сүлейменов, Жұмашкін сыяқты студенттер сабақты идеялық жоғары дәрежеде өткізіп, мектептің қоғам жұмыстарына белсене қатысқаны үшін өте жақсы деген бағалар алды. Жаратылыс-география факультетінің екінші курс студенті Жакин жолдас 6 класта география саба-

ғында «Америка Құрама Штаттары» деген тақырыптан сабақ өткізді. Онда қанқұйлы американдық империализмнің жауыздығын, оның дүние жүзін отар еткісі келіп отырған тағылық дәмесін, корей жерінде агрессорлық соғыс жүргізіп, түрлі бактериологиялық бомбаларды пайдаланып отырғанын олардың жауыздығы, тағылығы жөнінен фашистерден де асып түскендігін өшкерелеп, тақырыпты өте әсерлі етіп түсіндірді.

Практикант-студенттер мектеп оқушыларына арнап, әртүрлі тақырыпта лекциялар оқыды, бірнеше рет қабырға газетін шығарды, сурет көрмелерін ұйымдастырды. Оқу-тәрбие, сабақ беру жоспарларын өз беттерімен жасауды үйренді. Методистер Ф. Акбидаев, Т. Майлин жолдастар студенттердің практикалық жұмыстарына күнбе-күн басшылық етіп, оларға күнделікті сабақ жоспарларын жасауға көмектесіп отырды.

Бүгінгі студент, ертеңгі күнгі мұғалімдерге алдағы уақытта жастарды коммунистік рухта, Ленин — Сталин ісіне шексіз берілген етіп тәрбиелеуде бір ай бойы жүргізілген педагогикалық практика жұмыстары көп пайда келтіреді. Жас мұғалім кадрлары педагогикалық практикада үйренгендерін, өздерінің келешектегі педагогтік жұмыстарында кеінен пайдаланатын болады.

Қ. МӘУІТБАЕВ,  
Р. ҚҰСАЙЫНОВ.

Ушинский атындағы мұғалімдер институтының екінші курс студенттері.

## «Ленин туының» дабылынан кейін

### „Коваленко сынға қысым жасайды“

«Ленин туының» 1953 жылы 14 февральдағы санында «Коваленко сынға қысым жасайды» деген тақырыпта мақала жарияланған еді. Онда ҚКП Приешім аудандық комитетінің секретары Коваленко жолдас тың төменнен көтерілетін сынға қысым жасайтыны сынға алынған болатын.

Бұл мақала ҚКП Приешім аудандық комитетінің бюро мәжілісінде талқыланып,

көрсетілген фактілер анықталды. Коваленко өзінің қателігін мойнына алып, келе шекте қайталамауға уәде берді. Мұндай қателіктерді бұдан әрі болдырмау туралы Коваленко жолдасқа ескертілді.

Е. ОРЛОВ.

ҚКП Приешім аудандық комитетінің секретары.

### Жарияланбаған хаттың дерегі

### „Жастарға білім беру сапасы жақсартылса екен“

«Ленин туы» газетінің редакциясына түскен тілші хатында Преснов ауданындағы Қарағаш мектебінің мұғалімі Кәрім Жакин жолдас оқу-тәрбие жұмысына жеткілдікті көңіл бөлмейтіні, ата-аналармен ешқандай жұмыс істемегені, кейде сабақты өткізбеген күндері де болғаны айтылды.

Облыстық оқу бөлімі тілші хатында көрсетілген фактілердің анықталғандығын, совет педагогіне жат қылықтары үшін Жакин жолдасқа сөгіс берілгендігін, мектептегі оқу-тәрбие жұмысын жақсарту жөнінде шаралар белгіленгендігін хабарлады.

Коммунистік партиясына сенім білдіруде.

## ГВАТЕМАЛАНЫҢ ПРОГРЕСИВШІ ҚАЙРАТКЕРЛЕРІ И. В. СТАЛИНДІ ЕСКЕ ТҮСІРУДЕ

НЬЮ-ЙОРК, 19 март. (СОТА). Гватемаланың Жұмысшы партиясының органы «Октябре» газеті 12 мартта шыққан өзінің 12 беттік номерін И. В. Сталинді еске түсіруге арнады. Газеттің бұл номерінде И. В. Сталин жолдастың өмірі мен қызметін баяндайтын мақалалар жарияланған. И. В. Сталиннің қайтыс болуымен байланысты СССР Үкметіне және совет халқына қайғырып көңіл айтуы білдіріп, Ұлттық жыйналыстың председатели Овандо Арриол қол қойған ССРО Жоғарғы Советіне жіберілген хат жарияланған.

Сол сыяқты, И. В. Сталинді еске түсіруге арналған тағы басқа материалдар жарияланған.

## Кореядағы оқыйғалар

### ХАЛЫҚ АРМИЯСЫ БАС КОМАНДОВАНИЕСІНІҢ ХАБАРЫ

ПХЕНЬЯН, 19 март. (СОТА). Корея Халық-Демократиялық Республикасы Халық армиясының Бас командованнесі бүгін майдандарда өткен күні ешқандай өзгерістер болған жоқ деп хабарлады. Корея Халық армиясы мен қытай халық еріктілерінің құрамалары барлық майдандарда американдық-ағылшын интервенттері және лисынманшыл әскерлердің барлаушы отрядтарына қарсы болмашы ұрыстар жүргізді.

Редактор **Ғ. МҰХАМЕДЖАНОВ.**



### «УДАРНИК» кинотеатрында

Бүгін және күн сайын  
«ЫСТЫҚ ЖҮРЕКТЕР»

Сеанстар сағат 4-6-8-10-да басталады.  
Касса сағат 3-тен бастап ашық.

### «ОКТЯБРЬ» кинотеатрында

Бүгін және күн сайын  
«ЕГІЗДЕР»

Сеанстар сағат 6-8-де басталады.  
Касса сағат 3-тен бастап ашық.

Петропавл қаласы, Буденный көшесі 42-үйде тұрушы Лидия Семеновна Литвина Анатолий Тимофеевич Литвиннен айрылатыны жөнінде арыз берді. Іс Солтүстік Қазақстан облыстық сотта қаралады.

РЕДАКЦИЯ МЕН ОБЛЫСТЫҚ ГАЗЕТТЕР БАСПАСЫНЫҢ АДРЕСІ: Қазақ ССР, Петропавл қаласы, Петренев көшесі, 92-үй. ТЕЛЕФОН/Д/Р: редактор — 1-86, редактордың орынбасары — 1-59, секретариат — 1-33, партия және ауылшаруашылық бөлімдері — 2-36, өнеркәсіп-транспорт және тілшілер бөлімдері — 3-39, корректорлар бюросы — 4-39, Газет баспасы — 5-53, газет табыс етілмесе — 1-19 телефон арқылы сөйлесуге болады.